



*Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал*



# СӨЙЛЕЙДІ СЕНІҢ ТІЛІНДЕ

## БАРЛЫҚ ҚҰС БІТКЕН

Ақын Төлеген Айбергенов есімін алыстағы Абай ауылында жүрген бала кезімде естідім. Мектеп қабырғасында оқитын 70-жылдары кітап дүкенінен жаңа шыққан өлең-кітаптарды сатып алып оқитынмын. Сол тұста жарық көрген “Аманат” жыр жинағы қолыма тиді. Өзінің мұқабасы да әсем әдіптелген. Бір тал үзілген қызғалдақ гүлдің суреті бар. Көзіме шоқтай басылды. Алғашқы беттерінен бастап оқи бас-

тадым. Мен кітап оқыған кезімде үйдегілердің ешқайсысы кедергі келтірмейтін. Бір өлең, екі өлең, үшінші өлеңді... оқып отырмын. Ғажайып бір тылсым күш, мөп-мөлдір сезім толқындары өзіне қарай тартып барады. Ақыры бірде желпініп, бірде мұңайып, бірде қуанып, бірде ерекше рухтанып кітапты түгел оқып шықтым. Бұрын-сонды мен оқыған өлең кітаптарына мүлдем ұқсамайды.

Небәрі 30 жасқа да толмай дүниеден озған ақынның қысқа ғұмыры да оның жырларынан көрініс бергендей. Өмірдің қатыгездігін, жалғанның жалғандығын алғаш түйсінген менің тамағыма бір өкінішті сезім лықсып толып келіп, кірпігіме жас іркілді... Бұл — Айбергенов поэзиясымен алғаш танысуым еді.

Кейін арман қуып Алматыға келіп, ҚазҰУ-ге түстім. Студенттік шақта ақынның “Бір тойым бар” кітабы шықты. Жастар шарқ ұра іздеп, сатып алып, жыр кештерінде, бөлмемізде жарыса оқыдық. Сол кітаптың алғысөзінде ақын Фариза Оңғарсынова: “Қазақ поэзиясының қасиетті топырағында ғұмырлы адамдар бар болса, солардың бірі — Төлеген Айбергенов. Шын ақын қартаймайды: өз топырағында ұрпақтар алмасқан сайын ол қайта жаңғырып, жасарады; әр көктемде бұр атқан қайындай жасыл жапырағын қайта жаяды — осылайша жер үстінде уақытпен бірге ғұмыр кешер тұлғалар ғасырлар жүрегіне жол шегеді”, — деп жазған екен. Сол сөз ақиқи шындыққа айналды. Төлеген ақынның туған күні — 8 наурыз.

Шындығында да, содан бері қанша жыл өтсе де, көктемнің алғашқы айы келісімен ақын есімі қайта жаңғырып, адуынды жырлары халық жүрегіне қайыра жол тауып келеді. Ақындардың жыр кештерінде оның өлең жолдары жас ұрпақтың, бүгінгі буынның тілімен оқылып тұрады. Қазақтың қай тойына барсаң да, “Бір тойым бар” өлеңі тағы алдыңыздан шығады.



*Т. Айбергенов Жамбыл, Шымкент және Қызылорда облысы ақын-жазушыларының арасында. 1962 ж.*

Оның сөзіне жазылған “Ақ ерке Жайық” әнінің ел аузында қырық жыл қатарынан шырқалып келеді.

Түркістан қаласының 1500 жылдығына арнайы шыққан көркемсуретті қалың альбом-кітаптан “Түркістан дәптерінен” өлеңдер топтамасындағы жыр шумақтарын кездестіресіз. Әдеби, тарихи кітаптар мен энциклопедиялардан да ақын туралы мәліметтер ойып орын алған. Мектеп оқулықтарына да өмірбаяны мен өлеңдері енгізілген.

...Қызғалдақ па ең сен әлде  
Көгеретін көктемде.  
Қасқалдақ па ең сен әлде  
Көлбендеген көк көлде...

...Төндіріп катер кемесе,  
Лап берсе сансыз тірі қыр.  
Ойнақ сап тура төбене  
Шапшиды үрей құрығыр...



... О, өмір, жатқан жар салып,  
Сүйем мен сені қаншалық.  
Мәңгілік мені тұра бер  
Шығарып салып, қарсы алып!

...Қызығы қырды ұрлаған  
Қызғалдақ сылқымдары,  
Кеудемнен сылдырлаған  
Сырдария толқындары...

...Демі ме мынау алқынған  
Сен енді тоқтарсың ба?  
Оралып өткен алдымнан  
Оралдан ұшқан көк қаршыға...

...Құлақ күйін он бұрап,  
Төнеді аспан төбемнен.  
Аппақ қардан омбылап,  
Көктем іздеп келем мен, —

деп көктемде туып, өмірден көктем іздеп өткен ақын жырларын қанша оқысаң да, шөлің қанбайды. Онда әр оқыған сайын жаңа бір ой, тылсым бір сезім көрініс табатын жәуһар қасиет бар. Т.Айбергенов өлеңдері сонысымен құнды, сонысымен де өміршең. “Ақын — өзінің ешкімге ұқсамайтындығымен ақын. Төлеген қазақ поэзиясына жаңа ырғақ, тегеурінді екпін, жанына тыным бермеген ағыл-тегіл сезімнің иірімдерін әкелді. Поэзия әлемін тосыннан дүбірлетіп, атой салып оята келді, поэзияның өрлеу жылдамдығын тездетті”, — деген Фариза ақын бағасы соншалықты айқын да дәл берілгендігіне көзіңіз жетеді.

Төлеген ақынның “Маңғыстау саздары”, “Қарақалпақ жырлары”, “Арал жырлары”, “Кегейлі дәптерінен” топтамалары жан-дүниеге өзгеріс енгізе дүр сілкіндіреді.

Кезім менің!  
Жатырсың жырақты ашып,  
Қызыл гүлді барады қыр ап қашып.  
Жиырмасыншы ғасыр жүр Маңғыстауда  
Мұнаралар басына шырақ тасып,

— деген жолдар бүгінгі ХХІ ғасырда да көнерген жоқ, қайта жаңа тыныспен қазіргі тіршілігімізге де серпін береді. Төлеген ақын сонау 60-жылдары-ақ Тәуелсіз Қазақстанның мұнайлы болашағын көріп кеткен сияқты.

“Сағыныш” атты топтама жырлары арқылы ол қазақ поэзиясына жаңа ұғым әкелді. Бұрын біз білетін сағыныштың мән-мағынасы кеңейіп, “Сағыныш” атты адамзаттың ұлы сезімінің бейнесі сомдалды. Көрнекті ақын Қуандық Шаңғытбаев бұл туралы: “Ал “Сағыныш” ше? Төрт өлеңнен тұратын бұл цикл — Төлеген шығармашылығының нағыз гәуһартасы. Мұнда ол тек шебер ақын ғана емес, өмір мағынасына

терең үңілген байсалды ой иесі, кемеліне келген философ, ел камын жеген естияр азамат”, — деп жазыпты.

Төлеген Айбергенов қысқа ғұмырында, шын мәнінде, қазақ поэзиясы топырағында төңкеріс тудырып, өзінің мәңгілік мектебін қалыптастырып кетті. Өткен ғасырдың 70, 80, 90-жылдарында, осы ғасырдың басында өлеңге келген поэзияның неше буын өкілі Төлегеннің жасын жырларынан көп үйренгендігін өмір көрсетіп отыр. Бұл — кез келген ақынның маңдайын біте бермейтін мәртебе.

Астынан алшақ белдің орап ойлар,  
Мен сені аңсап келдім қара қайнар.  
Армысың, менің қара шаңырағым,  
Бота көз қарындастар, нар ағайлар,  
Алдымнан қаптап шыққан қарағайлар,

— деп басталатын “Семей” өлеңі арқылы менің туған жерім — Абай елі туралы да сөзден ғажайып ескерткіш орнатып кетті.

...Университетті бітіргеннен кейін Қазақ телевизиясында жұмыс істеп жүргенде, ақынның екінші қызы Махаббатпен танысып, тағдыр қостым. Тұңғыш қызымыздың дүниеге



Махаббат пен Бауыржан

келген күні — 1988 жылдың 2 наурызы болатын. Дүңгіршектен “Өркен” газетін алсам, белгілі журналист Қали Сәрсенбайдың ерекше тебіреніспен жазылған “Сағындым Сізді, Сағыныш” атты мақаласы жарияланыпты. Ел, халық Төлеген көкемді сағынып жүргендігін сезініп, қызымыздың атын атасының атышулы өлеңімен аттас “Сағыныш” қойдық.

Өмір өзені тынымсыз ағып, уақыт кемесі алға жүзіп келеді. Тағдыр бұйрығымен өзін көрмесем де, өлеңін жан-дүниеге азық еткен біртуар Төлеген ақынның бір баласы болғаным үшін бақыттымын. “Көкірегінде Сағыныш барда мұрат та сенде бар, жаным” деп тұрғандай болады ақын рухы.

Толғанысымды “Төлегенианаға” үн қосқан өлеңіммен аяқтағым келеді:



Бар сырын жайып салып, ақтарды әлем,  
Алыстан арман қуып аттанған ең.  
Қазақтың қалың жұрты дүр сілкінді  
Қанатын Қоңыраттан қаққанда өлең.

Халқыңның сөйлемек боп мәңгі атынан,  
Шабыттың қанып іштің шәрбатынан.  
Жүрдің сен Қаскелеңде жыр боратып,  
Ой толғап, шықтың бір күн Алматыдан.

Сәлделі Алатаумен сәлемдесіп,  
Өттің сен өн-бойыңнан өлең көшіп.  
Төгілте жыр оқысаң, қарады жұрт  
“Төлеген! Төлеген!” — деп елендесіп.

Дәл солай тәтті арманын іздеді кім?  
Сұм тағдыр сол ақынның үзді өмірін.  
Жырыңды оқимыз да, табынамыз  
“Төлеген! Төлеген!” — деп біз де бүгін.

Алқызыл алаулаған тулар алып,  
Кең далаң құлпырады, нұрға оранып.  
Әмудің арнасында толқын болып,  
Барады шумақтарың тулап ағып.

Көкейге өзін жазған жырды сақтап,  
Ұшып жүр көкірегімде бір құс аппақ.  
...Көктемнің айы келді, тойыңа енді  
Қыраттар асығады гүл құшақтап.

**Бауыржан ЖАҚЫП**

## ТҰҢҒЫШ КӨРДІМ ӨЛГЕНІН ШЫН АҚЫННЫҢ

Тұңғыш көрдім өлгенін шын ақынның,  
қызарып батты ертеңгі шығатын күн.  
Торғай-өлең шырылдап бара жатты  
Аузында ажал дейтін сұрапылдың.

Торғай-өлең өлмеді, аман қалды.  
Әкетті ажал...

Жыр емес, адамды алды.  
Бір өмірдің дастаны басталды да,  
Шорт үзілді,  
Шоп-шолақ тәмамдалды.

Қаралы лек.  
Бозғыл шаң шұбатылды.  
Бара жатыр жерлеуге шын ақынды.

Маржан-жырдың мөп-мөлдір бір түйірі  
Құмға түсіп кетті де, уатылды.

Енді жоқ азаматым, аймандайым,  
Жоқ болды құмға сіңген айрандайын.  
Асығыс, ылғи жортып жүруші еді,  
Бетпақтан су іздеген жайрандайын...

Тұңғыш көрдім кайтқанын  
шын ақынның,  
Қаталы-ай ажал дейтін сұрапылдың!  
Сұңқар — төсі томпиып қарсы карап,  
Қаршығадай қылшылдап тұратын кім?!

**Мұқағали МАҚАТАЕВ**



*Нүжіс. Төлегенді соңғы сапарға аттандыру.  
Ақынның бас жағында тұрған М. МАҚАТАЕВ.*